

ISSN (Print) 2616-678X
ISSN (Online) 2663-1288

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

Евразийского национального
университета имени Л.Н. Гумилева

BULLETIN

of the L.N. Gumilyov
Eurasian National University

ФИЛОЛОГИЯ сериясы
Серия **ФИЛОЛОГИЯ**
PHILOLOGY Series

№4(125)/2018

1995 жылдан бастап шығады

Издается с 1995 года

Founded in 1995

Жылына 4 рет шығады

Выходит 4 раза в год

Published 4 times a year

Астана, 2018

Astana, 2018

Бас редакторы **Дихан Қамзабекұлы**
филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары **Шолпан Жарқынбекова**
филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)

Редакция алқасы

Аскер оғлы Рамиз	Ф.ғ.д., проф. (Әзербайжан)
Ақматалиев Абдылдажан	Ф.ғ.д., проф. (Қырғызстан)
Бахтикиреева Улданай	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Беженару Людмила	Ф.ғ.д. проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргүл	Ф.ғ.к., (Қазақстан)
Біжкенова Айгүл	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жақыпов Жантас	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Журавлева Евгения	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жаң Динжиң	PhD, проф. (Қытай)
Ескеева Мағрипа	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Ержласун Гүлжанат	PhD, ассос. проф. (Түркия)
Қасқабасов Сейіт	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Негимов Серік	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нұрғали Қадиша	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нуриева Фануза	Ф.ғ.д., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	Ф.ғ.д., проф. (Германия)
Рахманов Носимхан	Ф.ғ.д., проф. (Өзбекстан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (АҚШ)
Сәтенова Серікгүл	Ф.ғ.д. проф. (Қазақстан)
Султанов Казбек	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Тәжібаева Сәуле	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Хисамитдинова Фирдаус	Ф.ғ.д., проф. (РФ, Башқұртстан)
Чернявская Валерия	Ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Шәріп Амантай	Ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Шәріпова Гүлбану	Ф.ғ.к., доцент м.а. (Қазақстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Түркия)
Янковский Генрих	PhD, проф. (Польша)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қ.Сәтпаев к-сі, 2, 408 б.

Тел.: (7172) 709-500 (ішкі 31-413)

E-mail: vest_phil@enu.kz

Жауапты редактор, компьютерде беттеген: Илияс Құрманғалиев

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ФИЛОЛОГИЯ сериясы
Меншіктенуші: ҚР БЖҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК
ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 27.03.2018 ж. №16996-Ж тіркеу куәлігімен тіркелген.
Мерзімділігі: жылына 4 рет.
Тиражы: 35 дана
Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қажымұқан к-сі, 12/1, тел.: (7172)709-500 (ішкі 31413)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Editor-in-Chief **Dihan Kamzabekuly**
Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Deputy Editor-in-Chief **Zharkynbekova Sholpan**
Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial board

Asker ogly Ramiz	Doctor of philology, Prof. (Azerbaijan)
Akmataliyev Abdildajan	Doctor of philology, Prof. (Kyrgyzstan)
Bakhtikireeva Uldanai	Doctor of philology, Prof (Russia)
Beisembayeva Zhanargul	Can. of philology, (Kazakhstan)
Bezhenaru Lyudmila	Doctor of philology, Prof (Romania)
Bizhkenova Aigul	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Chernyavskaya Valeriya	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Erzhiasun Güljanat	PhD, assos. Prof (Turkey)
Yeskeyeva Magripa	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Henryk Jankowski	PhD, Prof. (Poland)
Kaskabassov Seit	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Khisamitdinova Firdaus	Doctor of philology, Prof. (RF, Bashkortostan)
Metin Ekiji	PhD, Prof. (Turkey)
Negimov Serik	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurgali Kadisha	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurieva Fanuza	Doctor of philology, Prof. (RF, Tatarstan)
Reichl Karl	Doctor of philology, Prof. (Germany)
Rakhmanov Nasimhon	Doctor of philology, Prof. (Uzbekistan)
Rivers William Patrick	PhD, Prof. (USA)
Satenova Serikkul	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Sultanov Kazbek	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Sharip Amantay	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Sharipova Gulbanu	Can. of philology, assos. Prof. (Kazakhstan)
Tazhybayeva Saule	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhakypov Zhantas	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhang Dingjing	PhD, Prof. (China)
Zhuravleva Yevgeniya	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial address: 2, Satpayev str., of. 408, Astana, Kazakhstan, 010008
Tel.: (7172) 709-500 (ext. 31-413)
E-mail: vest_phil@enu.kz

Executive editor, computer layout: Ilyas Kurmangalyev

Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University PHILOLOGY Series

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Registered by Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan. Registration certificate No 16996-Ж from 27.03.2018

Periodicity: 4 times a year Circulation: 35 copies

Address of printing house: 12/1 Kazhimukan str., Astana, Kazakhstan 010008; tel.: (7172) 709-500 (ext.31413)

© L.N. Gumilyov Eurasian National University

Главный редактор **Дихан Камзабекулы**
доктор филологических наук, проф. (Казахстан)

Зам. главного редактора **Шолпан Жаркынбекова**
доктор филологических наук, проф. (Казахстан)

Редакционная коллегия

Аскероглы Рамиз	д.ф.н., проф. (Азербайджан)
Акматалиев Абдылдажан	д.ф.н., проф. (Киргизстан)
Бахтикиреева Улданай	д.ф.н., проф. (Россия)
Беженару Людмила	д.ф.н., проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргуль	к.ф.н., (Казахстан)
Бижкенова Айгуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жакыпов Жантас	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жан Динжин	PhD, проф. (Китай)
Журавлева Евгения	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ескеева Магрипа	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ержласун Гульжанат	PhD, ассос. проф. (Турция)
Каскабасов Сейит	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Негимов Серик	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нургали Кадиша	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нуриева Фануза	д.ф.н., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	д.ф.н., проф. (Германия)
Рахманов Насимхон	д.ф.н., проф. (Узбекистан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (США)
Сатенова Серикгуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Султанов Казбек	д.ф.н., проф. (Россия)
Тажибаева Сауле	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Хисамитдинова Фирдаус	д.ф.н., проф. (РФ, Башкортостан)
Чернявская Валерия	д.ф.н., проф. (Россия)
Шарип Амантай	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Шарипова Гульбану	к.ф.н., и.о. доцент (Казахстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Турция)
Янковский Хенрих	PhD, проф. (Польша)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Сатпаева, 2, каб. 408

Тел.: (7172) 709-500 (вн. 31-413)

E-mail: vest_phil@enu.kz

Ответственный редактор, компьютерная верстка: Ильяс Курмангалиев

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ФИЛОЛОГИЯ

Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК

Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций РК под номером №16996-Ж от 27.03.2018г.

Периодичность: 4 раза в год

Тираж: 35 экземпляров

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Кажимукана, 12/1, тел.: (7172)709-500 (вн.31413)

© **Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева**

Мазмұны

<i>Аймұхамбет Ж.Ә., Мақаш Л.</i> Атилла туралы аңыздаулар	8
<i>Амангелді А.А., Тилеужан Д.М.</i> Лиро-эпостық жырлардағы жылқыға қатысты заттық мәдениет лексикасының берілуі	15
<i>Байбатырова А.А.</i> Ағылшын тілінде жазылған ғылыми мақаланың макро-құрылымының когнитивтік және прагматикалық моделі	25
<i>Бейсембаева Г.З., Калибасова А.К.</i> Гендерлік лингвистикадағы эмоцияны айқындайтын лексика (ағылшын және қазақ тілдері негізінде)	42
<i>Бейсембаева Ж.А., Барямова Р.К.</i> Техникалық дағдылар және ағылшын тілі оқытушыларының онлайн оқыту дайындығы	50
<i>Бижкенова А.Е.</i> Қазіргі қазақ тіліндегі туынды модельдеу	62
<i>Дәулетбекова Ж.Т., Юсуп П.Қ.</i> Білім беру үдерісінде филолог-студенттердің интеллектуалдық күзиреттілігін қалыптастырудың психологиялық негіздері	70
<i>Дихан Қамзабекұлы</i> Алаштың «23 жоқтауы» - азаттықты жоқтау рәмізі	77
<i>Жусупова Р.Ф., Ниязова А.Е., Абдуова Б.С.</i> Кәсіби бағдарлы тілдік тұлғаны қалыптастырудың мультилингвалды сипаты	86
<i>Зейнулина А.Ф., Ибраева А.Т.</i> Ұлы Дала фольклорындағы Арқалық батыр бейнесі	94
<i>Мұхтарова С.С.</i> Қазақ баламасыз лексикасын жеткізу жолдары (І. Есенберлиннің «Көшпенділер» трилогиясы негізінде)	102
<i>Сыздықова Г.О.</i> «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырындағы сапалық сын есімдердің семантикасы	108
<i>Таңжарықова А.В., Юсуп А.Н.</i> Қазіргі қазақ поэзиясындағы киелі жердің мифопоэтикалық бейнесі	115
<i>Тұрысбек Р.С., Мәтібаева Э.Қ.</i> Шағын жанрдың көркемдік әлемі (Д. Досжан әңгімелері бойынша)	121
<i>Өтебалиева Г.Е., Қасқабасова Қ.С.</i> Ана тілі деңгейінде үйренуге арналған көпдеңгейлі тіл білімі	129
<i>Шокабаева С.С.</i> Қазіргі қазақ тіліндегі «ақ» сөзінің сөзжасамдық әлеуеті	136
<i>Жазбадерек. Сәтенова С.К.</i> Рухани жаңғырумен үндес іргелі ғылыми еңбек	145

Contents

<i>Aimukhambet Zh.A., Makash L.</i> Legends about Attila	8
<i>Amangeldy A.A., Tilozen D.M.</i> Reflections of material and cultural vocabulary associated with the horse in lyric-epic works	15
<i>Baibatyrova A.A.</i> Cognitive-Pragmatic Model of Macrostructure of Research Articles Written in English	25
<i>Beisembayeva G.Z., Kalibasova A.K.</i> Gender aspect of the emotion expression in English and Kazakh languages	42
<i>Beisembayeva Zh.A., Baryamova R.K.</i> Technical Skills and Readiness of English Language teachers in Kazakhstan to teach online	50
<i>Bizhkenova A.E.</i> Modern modeling of the Kazakh Language	62
<i>Dauletbekova Zh.T., Yusup P.K.</i> Psychological Basis of the Formation of Philologists-Students' Intellectual Competence in the Literary Educational Process	70
<i>Dihan Kamzabekuly</i> «23 Zhoktau» of Alash – a Symbol of Zhoktau for Freedom	77
<i>Zhusupova R.F., Niyazova A.E., Abduova B.S.</i> Formation of professionally oriented linguistic identity multilingual character	86
<i>Zeinulina A.F., Ibrayeva A.T.</i> Character of Arkalyk Batyr in the Great Steppe Folklore	94
<i>Mukhtarova S.S.</i> To translation problems of Kazakh non-equivalent vocabulary (on the materials of I. Esenberlin trilogy “Nomads”)	102
<i>Syzykova G.O.</i> Semantics of qualitative adjectives in the work «Kozy Korpesh-Bayan Sulu»	108
<i>Tanharykova A.V., Yusup A.N.</i> Mythological and technical foundations of sacred places in modern Kazakh poetry	115
<i>Turysbek R.S., Matibayeva E.K.</i> Small genre and artistic world (On creativity D.Doszhans)	121
<i>Utebaliyeva G.E., Kaskabassova Kh.S.</i> Multi-level language proficiency in learning a non-native language	129
<i>Shokabayeva S.S.</i> Word-formulative Potential of the Word «ақ» in the Modern Kazakh Language	136
Chronicle. <i>Satenova S.K.</i> Fundamental scientific work in the light of spiritual rebirth of society	145

Содержание

<i>Аймухамбет Ж.А., Макаш Л.</i> Легенды об Аттиле	8
<i>Амангельды А.А., Тилеужан Д.М.</i> Отражения материально-культурной лексики, применяемые к лошади в лиро-эпических произведениях	15
<i>Байбатырова А.А.</i> Когнитивно-прагматическая модель макроструктуры англоязычной научной статьи	25
<i>Бейсембаева Г.З., Калибасова А.К.</i> Гендерный аспект выражении эмоции в английском и казахских языках	42
<i>Бейсембаева Ж.А., Барямова Р.К.</i> Технические навыки и готовность учителей английского языка обучать онлайн	50
<i>Бижкенова А.Е.</i> Моделирование дериватов в современном казахском языке	62
<i>Даулетбекова Ж.Т., Юсуп П.К.</i> Психологические основы формирования интеллектуальной компетентности филологов-студентов в литературном образовательном процессе	70
<i>Дихан Камзабекулы</i> «23 жоктау» Алаша – символ жоктау по свободе	77
<i>Жусупова Р.Ф., Ниязова А.Е., Абдуова Б.С.</i> Формирование профессионально-ориентированной языковой идентичности в мультилингвальной среде	86
<i>Зейнулина А.Ф., Ибраева А.Т.</i> Образ Аркалык батыра в фольклоре Великой Степи	94
<i>Мухтарова С.С.</i> Особенности перевода казахской безэквивалентной лексики (на материале трилогии И. Есенберлина «Кочевники»)	102
<i>Сыздыкова Г.О.</i> Семантика качественных прилагательных в произведении «Козы Корпеш-Баян сулу»	108
<i>Танжарыкова А.В., Юсуп А.Н.</i> Мифопоэтические мотивы сакральных мест в современной казахской поэзии	115
<i>Турысбек Р.С., Матибаева Э.К.</i> Художественный мир малого жанра (По творчеству Д. Досжана)	121
<i>Утебалиева Г.Е., Каскабасова Х.С.</i> Разноуровневое владение языком при обучении неродному языку	129
<i>Шокабаева С.С.</i> Словообразовательный потенциал слова «ак» в современном казахском языке	136
<i>Хроника. Сатенова С.К.</i> Фундаментальный научный труд в свете духовного возрождения общества	145

7 Nibelýngter týraly hikaia [The story of Nibelunger]. Alǵysóz. Aýdarǵandar. Maǵzumov H., Qaliev A. [Translated by: Magzumov H., Kaliyeva A.] // «Álem ádebieti» jýrnaly [The magazine «The World of Literature»]. (5), 78 (2007). [In Kazakh]

8 Adji M. Polyn poloveskogo polia [Poly Pooveter Pole]. (Novosti, Moskva, 2000, 456 p.). [in Russian]

Авторлар туралы мәлімет:

Аймұхамбет Ж.Ә. - филология ғылымдарының докторы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры, Астана, Қазақстан.
Мақаш Ләззат - Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ филология факультетінің 1 курс магистранты, Астана, Қазақстан.

Aimukhambet Zh.A. - Doctor of Philology, Professor of the Department of Kazakh Literature, L.N. Gumilev Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Makash Lyazzat - Master student of the Faculty of Philology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

XFTAP 17.71.90

А.А. Амангелді¹, Д.М. Тілеужан²

¹С.Сейфуллин ат. Қазақ агротехникалық университеті, Астана, Қазақстан

² «Тұран-Астана» университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: ¹ainur.amangeldy@mail.ru, ²dinamit_1994_94@mail.ru)

**Лиро-эпостық жырлардағы жылқыға қатысты заттық мәдениет
лексикасының берілуі**

Андатпа. Қазақ тілінде үй жануарларының төрт түріне қатысты кәсіби лексика, әсіресе жылқы туралы айтатын сөздер, ең жемісті дамыған. Қазақ тіліндегі ауызша халық шығармашылығында, атап айтқанда, лирикалық-эпикалық шығармаларда атқа жиі қолданылатын тіл туралы фактілер қолданылады. Бұл мақалада жылқы өсіруге қатысты лингвистикалық фактілерді лиро-эпикалық шығармадағы Қозы Көрпеш-Баян Сұлу жырынан ұсынады және сөзді құру, этно-лингвистикалық, лингвистикалық және мәдениеттанулық аспектілерде материалдық мәдениеттің сөздік қорын кешенді талдауды қамтамасыз етеді. Жырға арқау болып отырған оқиғалар өткен тарихи кезеңге байланысты, көшпенді өмір салтын ұстанған далалықтар үшін жылқының маңызы өте зор болғандықтан зерттеу мақалаға негізгі арқау болды.

Түйін сөздер: рухани мәдениет, материалдық мәдениет, кәсіби сөздік, дүниетаным, символдық мағына, салт-дәстүрлер.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2018-125-4-15-25>

Кіріспе. Қазақ тіліндегі төрт түлікке, соның ішінде жылқыға байланысты туындап, қалыптасқан, сөздік қорымыздың ең құнарлысы болып саналатын кәсіби сөздер біршама. Сонымен қатар бұл атауларды тілдің ең көне қабатына жатқызуға болады. Өйткені бұл сөздер он екі мың жылдан астам уақыт бойы белсенді қолданылуда болып, уақыттың қатал тезінен, сұрыптауынан өтіп, нешеме ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, біздерге жетті.

Қазақ халқының ауыз әдебиетінде, сол сияқты, лиро-эпостық жырларда жылқыға қатысты тілдік деректер молынан ұшырасады. Мәселен, «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырында жылқыға қатысты тілдік деректер өте көп. Сонымен қатар жылқы шаруашылығы-

на қатысты заттық мәдениет лексикасы да молынан қамтылған. Бұл түсінікті де. Өйткені, көшпенді өмір салтын ұстанған далалықтар үшін жылқының маңызы өте зор еді. Мінсе – көлік, ішсе – сусын, жесе – тамақ болған жылқының орны бөлек болатын. Ат үстінен ұйқы алған жаугершілік заманда елдің ішкі, сыртқы саясатын реттеу, азаттығын сақтап қалу сияқты ірі мемлекеттік мәселелердің шешімін табуы атты әскерсіз мүмкін емес еді. Сыртқы жаудан қорғану, келешек ұрпақтарға ата-бабадан мирас болып келе жатқан ұлы даланы бөлшектемей аманат ету үшін жауынгер халыққа тек түгі бар жүрек, қуатты білек қана емес, жауынан қашса, құтылып, қуса жететін, төзімді, белді әрі жүрдек жылқы ауадай қажет еді. Ұшы-қиыры жоқ ұлан даланы мекендеген аз ғана қазақ халқы үшін жылқының маңызының зор болғанын айтып жатудың қажеті де болмас.

Зерттеудің өзектілігі мен мақсаты. Жылқы шаруашылығына қатысты сөздерге: ер-тоқым, ат көрпе, ат дорба, ат жабу, атұлтан, ат-арба, ат-сайман, ат-тұрман тағы сол сияқты сөздер жатады. Жырда жылқы шаруашылығына қатысты төмендегідей тілдік деректер кездеседі: ер-тоқым, ат дорба, терлік, ауыздық т.с.с.

Жырдағы жылқы шаруашылығына қатысты лексиканы өз ішінде шағын топшаларға бөліп қарастыруға болады, мәселен: 1) кәсіп иелерінің атаулары; 2) ер-тұрман атаулары; 3) жылқыны бағуға, сынауға, баптауға қатысты сөздер, 4) жылқыдан алынатын өнім атаулары және өнім алуға, сақтауға қажетті заттар (ыдыстар).

Мәселенің міндеті мен нәтижесі. Біз мақалада жыр мәтінінде көрініс тапқан жылқыға қатысты заттық мәдениет лексикасына тоқталуды көздеп отырмыз. Атжанды халық болғандықтан, қазақ тілінде ер-тұрман атаулары өте көптеп кездеседі. Ер-тұрманның әрбір бөлшегі атқұмар халықтың көзінен таса қалмай, белгілі атауға ие болған. С. Қасимановтың “Қазақ халқының колөнері” [1] атты еңбегінен ер-тұрман атаулары, оларды қалай жасау керек, неден жасау керек деген сауалдарға жауап табуға болады.

Ат-тұрман атауларына ер, тоқым, тебінгі тоқым, ішпек, ішкілік, терлік, айыл, шап айыл, төс айыл, кер айыл, құр айыл, тартпа айыл, алдыңғы айыл, жүген, жырым, ауыздық, тізгін, қос тізгін, жақтау, желкелік, сағалдырық, кекілдік, кеңсірік, сулық, шаужай т.т. жатады.

Жырда ең жиі қолданылған осы ер-тоқым, әбзелдер атаулары. Жаугершілік заманында ат-тұрманы сай жауынгер ерекше құрметке ие еді. Осы атқа қажетті құрал-жабдықтарды түгендеп сайлау үшін, әрине, сарбазға құрал-жабдықтардың атауларын ғана емес, олардың құрамдас бөлшектерінің де атауларын білуі шарт. Жырда атқа қажетті құрал-жабдықтар мен олардың бөлшектерінің атаулары да молынан қамтылған. Жырдан мысалдар келтірейік.

Қурайлы құйғанынан атқа мінді.

Екпіндетіп келеді сексен сері,

Айбастың бұрын келіп, көрген жері.

Алысып ауыздықпен аласұрып,

Ылғи саңлақ бәрінің мінгендері

(Қозы Көрпеш-Баян сұлу, Мұқыш Нукин нұсқасы) [2; 335].

Дейді де, Көктұлпарға қамшы ұрады,

Тер жерге тебінгіден тамшылады

(Қозы Көрпеш-Баян сұлу, Мұқыш Нукин нұсқасы) [2; 273].

Қозыке сөз сөйлейді серілікпенен

Көңілі қорқар емес ерлікпенен.

Қодар құлға қайратын көрсеткелі,

Бір құлды жібереді терлікпенен

(Қозы Көрпеш-Баян сұлу, Мұқыш Нукин нұсқасы) [2; 176].

Осы топшаға қатысты ер-тоқым, ат-тұрман лексемалары жинақтаушы мәнде жұмсалады. Ер-тоқым деп атқа мініп-түсуге лайықталған, ер-тоқымды ат үстіне бекітетін бүкіл тұрманы толық, атқа ерттей салып, айылын тартқан соң, міне жөнелуге дайын тұрған тас

түйін жабдықты айтатын болса, ал ат-тұрман лексемасы аттың “ер-тұрманға”, “айыл-тұрманға” жататын барлық жабдық тобы деген мағынада жұмсалады. Демек, ат-тұрман лексемасының мағынасы ер-тоқым дегеннен гөрі кеңірек ұғымды қамтиды. Яғни, ат-тұрманға ер-тоқыммен қоса айыл-тұрмандар (баулар, тартпалар, белдіктер т.с.с.) атаулары қоса енеді. Ер-тоқым – жалпы атау, оның құрамдас бөліктері: ер, тоқым. Тоқым ұғымына – тебінгі тоқым, ішпек, ішкілік, терлік сияқты төсеніш жабдықтар кіреді. Тоқым атаулының барлығы да таза киізден жасалады. Ал ер деп атқа салт міну үшін ағаштан, темірден, киізден жасаған жабдықты, ердің қаңқасын атайды. Аттың басарқасын баспайтын (атқа тимейтін) етіп жасалған ер-тоқымның негізгі бөлігі. Ердің өзінің бірнеше түрі болады, мәселен: “қазақ ері”, “қоқан ері”, “құранды ер”, “ашамай ер”, “қазықбас ер”, “орыс ері” деп аталатын түрлері бар. Ердің жасалу үлгісіне қарай “арғын ері”, “найман ері”, “дулат ері”, “мұрын ері” деп аталатын түрлері бар. Қоқан ерін негізінен әйелдер мен қарттар пайдаланады. Мұндай ердің арт жағы жалпақ, отыруға ыңғайлы келеді, бірақ атқа ауыр ер. Құранды ер – ерлердің ішінде жасалу жағынан өте күрделі, берік және жайлы да әдемісі. Мұндай ерді түрлі жеміс ағаштары, қарағаш, теректен, 18 бөлек ағаштан, кейде одан да көп бөлшектерден желімдеп құрастырады. Ердің құрамдас бөлшектерін жонып, қиюластырып қосуды ер қосу деп айтады.

Барып келген айтады: «Бардым жуық,
Пақыр асқан үш талдың басын буып.
Бір жас жігіт жолбарыс сойып жатыр,
Қасында ер-тоқымды ат тұр суып».

(Қозы Көрпеш—Баян сұлу, Мұқыш Нукин нұсқасы) [2, 287]

Қасына Таңсық таяу барады да,
Қадалып ат-тұрман, қару-жарағына.
«Тоқсан екі болды»,—деп бір жымыды,
Ай сұлу Ақ Баянға қарады да

(Қозы Көрпеш-Баян сұлу, Мұқыш Нукин нұсқасы) [2; 273].

Тапсырдым бір өзіңе, Тайлақ биім,
Сол малды өз қолыңа түгелдеп ал.
Қылмас ем өз басымды ешбір арман,
Шешеме туар екен қандай зауал?
Деп Қозы қатуланды қайраттанып,
Күреңді қамшыменен жанып, жанып.
Жер сүзіп, күрең тұлпар желді алып

(Қозы Көрпеш-Баян сұлу, Мұқыш Нукин нұсқасы) [2; 216].

Ер Қозыке бірталай бастады істі,
Қозыкеге бір Құдай берген күшті.
Қатқан терлік тиген соң жіберген құл,
Терлікпенен домалап бірге түсті.

Ер Қозыке бастады бір жарысты,
Көрсетеді Қодарға талай істі.
Терлікпенен бір құлды ұрып жығып,
Әли Жаппар құлменен аударысты.

Торы тайға Қозыке мініп алды,
Бір Құдайға ішінен сыйынады.
Әли Жаппар құлменен алысқанда,
Ат үстінен тымақтай жұлып алды.

Қодар құлға мойынын бұрып алды,
Жекпе-жектеп сол жерде түйіп алды.

Қысыр емген Телторы тайға мініп,
Қодар құлды ала аттан жұлып қалды.

Қодар күліп «ойын» деп ыржақтайды,
Оң қолымен «Қодеке қайда жүр?»,—деп,
Баладай алақандап салмақтайды.
- Міне, тазшаң, Әли Жаппар, түпке жетті,
Мені аударып алған соң көңілі бітті.
Тайға өңгеріп, ойнаған ойының құрсын,
Ердің қасы, қу тазша, ішіме өтті

(Қозы Көрпеш-Баян сұлу, Қоңқабай Мейірманұлы нұсқасы) [2; 177].

Ер Қозы кейде аяндап, кейде желіп,
Қопаға арық атпен зорға жетті.
Жүгенін, ер-тоқымын сыпырып ап,
Сол жерде күрең атты қоя берді

(Қозы Көрпеш-Баян сұлу, Бекмұрат Мақанов нұсқасы) [2; 218].

Ерте тұрып ерттеді Күрең атты,
Ер салып, Күреңіне мініп апты

(Қозы Көрпеш-Баян сұлу, Бекмұрат Мақанов нұсқасы) [2; 227].

Ердің бұлардан басқа да түрлері бар. Мәселен, ашамай ер – жас балаларға арналып жасалады, алды-арты биік сүйемелі келеді, ал ойма ер – алдыңғы, артқы қас, екі қаптал, белағаш деп аталатын бес бөлшек ағаштан ойылып жасалатындықтан ойма ер, ойма қасты ер деп аталады.

Өшекейіне қарай күміс ер, алтын ер деп те атайды. Күміс ер деп күміспен сәнделген ерді айтады. Көбінесе әйел қауымына арналады. Күміс ердің екі түрі бар: оның бірі – жаппай күміс ер, екіншісі – күмістелген ер деп аталады. Ертеде, әсіресе, қыз-бозбаланың, сал-серінің, күйеу-қалыңдықтың ерлері күмістеліп жасалатын болған. Сол сияқты мұндай ерлерді жорғалар мен атышулы сәйгүліктерге арнап жасатқызған, сыйға тартқан. Алтын ер деп күміс ер сияқты ердің бөлшектері алтынмен өрнектелген, иесіне өте қымбатқа түссе де сән-салтанат, мақтаныш үшін жасалған ерді айтады.

Айыл-тұрман атауларына: айыл, шап айыл, төс айыл, кер айыл, құр айыл, тартпа айыл, алдыңғы айыл, жырым т.б. жатады. Қайыстан, құрдан, былғарыдан жасалған, ер-тоқымды ат үстіне бекітіп тұратын, аттың бауырынан орай тартылатын жалпақ тартпа бау айыл деп аталады. Шап айыл – бұл ердің арт жақ қасының астынан тағатын айыл. Оны кейде артқы айыл деп те атайды. Ал ердің үстінен бастыра тартатын тұтас төс айыл – кер айыл делінеді.

Жүген – мініп-түсетін, артып-тартатын, жегілетін жылқының басына кигізілетін ауыздығы бар тұрман. Жүген ат басын тілеген жаққа бағыттауға, тілеген сәтте атты тоқтауға қажет. Жүген ат-көклікті ырыққа көндіру үшін, шу асауды үйрету үшін қажет. Ат басына ілінетін осы жүгеннің – ауыздық, тізгін, қос тізгін, жақтау, желкелік, сағалдырық, кекілдік, кеңсірік, сулық, шаужай атты құрамдас бөліктері бар. Ал бұлардан басқа жасалған материалдарына қарай қайыс жүген, құр жүген, өрме жүген, былғары жүген, түйме жүген, шытырмалы жүген, күміс жүген сияқты түрлері бар. Жылқының – жүгені, ауыздығы, тізгіні, түйенің – бұйдасы мен итпесі, сиырдың – мұрындығы сияқты тұрмандар аты басқа болғанмен, мазмұны – бағындыру деген бір-ақ ұғымды береді. Қазақтар тыңдамай кетті, бағынбады деудің орнына жүгенсіз кетті, жүгенсіздік деген тәрізді сөздерді қолдана береді. Жылқының жүгеніне, ауыздығына, тізгініне қатысты пайда болған сөз орамдары да тілімізде кездеседі: жүген-құрық тимеген, жүгенсіз кетті, тізгінін жиды, тізгінінен айырылды, тізгінін берді, тізгін тартты (тарта сөйледі), тізгін тартар бер!, тізгін салмады, тізгін көшті (тиді, ұстады)/тізгінін өз қолына алды, тізгіндеп ұстады, тізгінге жабысты, тізгін берді/тіз-

гінді босатты (жіберді).

Ай қараңғы сол күні тұман болды,
Ер Қозыке Баянға құмар болды.
Арда күрең тай екен жалт қараған,
Басына жүген ілген соң, құнан болды.

Ер Қозыке бірталай өлең болды,
Іліп айтқан кісіге өнер болды.
Құдіретінің Құданың пәрмен болып,
Ер тоқымын салғанда дөнен болды.

Қозыкенің күреңге көңілі толды,
Алды-артынан қарайды оңды-солды.
«Бисмилда» деп Қозыке мініп еді,
Арда күрең сол жерде бесті болды.

Арда күрең бестіге жетті дейді,
Қозыкенің көңілі кетті дейді.
Арда күрең бестіге мініп алып,
Үйге таман Қозыке кепті дейді

(Қозы Көрпеш-Баян сұлу, Қоңқабай Мейірманұлы нұсқасы) [2; 165].

Қозыкеңнің атына барғаны:
Қыстауы шат қарайды Қозыкеңнің,
Сан жетпеген жылқыдан ат қарады.
Жүгенін сылдырлатып тұрғанында,

Алдынан ардакүрең жалт қарады.
Ай қараңғы күн бұлт тұман болды,
Қозыке Баян жасқа құмар болды.
Ардакүрең тай екен жалт қараған,

Қозыке жүген салғанша құнан болды.
Баян сұлу, Қозыке өлең болды,
Құдай берген жақсыға өнер болды.
Құдайдан сол мезгілде пәрмен болды,
Ертоқымын салған соң, дөнен болды

(Қозы Көрпеш-Баян сұлу, Молла Рахым нұсқасы) [2; 107].

-дырық/-дірік тұлғалығының мәнін тілші ғалымдар түрліше береді. Ғалым С.А-манжолов көзілдірік сөзіне талдау жасау арқылы ашады: көз – зат есім, -іл – екінші жақ бұйрық рай етістігі, -дыр - өзгелік етіс жасайтын формант немесе тұр етістігі, -ық – зат есім жасайтын жұрнақ. Ғалымның пікірін кейбір ат-әбзелдеріне қолдансақ, мәселен, сағалдырық, өмілдірік т.б. олардың мазмұны айқындала түседі.

Сағалдырық – жүген мен ноқтаның ат алқымы астынан орап тұратын бауы. Ат басынан жүген мен ноқтаның сыпырылып түспеуі үшін жасалған бөлшек. Сағалдырықтың өзі екі бөлек жасалады да, бір басы жүген жақтауына бекітілген қамшылар жақ бауы ұзындау болады да, ат сағасынан орап келіп, мінер жақ бауға тоға арқылы жалғастырылған.

Өмілдірік – ер-тоқымның кейін кетпеуі үшін ат омырауына тағылатын тұрман. Оның алдыңғы екі қапталдағы шеттікке жырым арқылы бекітілетін және ердің алдыңғы қасына іле салатын түрлері бар. Бірінші түрі әйелдер тұрманына арналған да, екінші түрі ерлер тұрманына арналған. Ердің қасына ілінетін түрлерінің мінер жағы жырымды, айылбасты немесе жырым өткізіп шалынатын бүлдіргелі келеді. Ерлер өмілдірігі – екі жақтау,

бір жырым, бір айылбас, не бүлдірге, бір салпыншақ сияқты бөлшектерден тұрады. Ал әйелдерге арналған тұрманның өмілдірігі – екі жақтау, бір не екі айылбас, бір салпыншақ, кейбірінде төс бау да болады. Жасалу үлгісіне, сән мен сапасына қарай былғары, қайыс, өрмелі, түймелі, үзбелі, шытыралы, алтын, күміс өмілдірік деп аталады.

Зерттеуші Ә. Нұрмағамбетұлының дәлелдеуіне жүгінсек, мысалдағы құйысқан атауының беретін мағынасы төмендегідей: “...түркі тілдері сөздігіне жүгінейік. Ал ондағы “кудичак” тұлғалы сөз қазіргі қазақ тіліндегі “құймышақ” дегенді білдірсе, қазіргі чуваш тіліндегі “хыдж” біздегі “арт”, “бөксе” сөздерінің орнына жүреді. Бұлардан байқайтынымыз, сөздің ең алғашқы түбірі “қуд”, қазіргі тілімізде “құй” болып өзгерген. Демек, бұл “құйысқан” сөзінің бірінші буыны.

Ал тунгус-маньчжурларда “hoшшан” тұлғалы сөз “қайыс” мағынасында қолданылады. Енді алғашқы “құй” түбіріне “hoшшан” сөзін қоссақ, “құйhoшшан” тіркесі шығар еді. Бұл тіркес “құйрық қайыс” деген мағынаны білдіріп, қазақ тілінің заңдылығы бойынша, “құйысқан” болып өзгерген” [3; 26-27].

Тұлпармен Тайкөк деген іздеп шықты,
Төрт аяқты жылқының шығанағы.
Айылын құйысқанын, қылдан тағып,
Тәуекелге тас түссе шыдағалы

(Қозы Көрпеш-Баян сұлу, Мұқыш Нукин нұсқасы) [2; 272].

Зерттеуші өмілдірік атауына да дәйекті дәлелдемелер ұсынады: “Ердің алдыңғы жағына байланып, аттың омырауы арқылы алдыңғы тартпаға бекітілетін жабдық. Оның атқаратын қызметі ерді кейін жібермеу. Аттың кеудесі түркі тілдерінің кейбіреуінде осы түбірмен дыбыстас сөздермен аталады. Мысалы, өзбекше – “өмген”, хакас тілінде “омуз” біздегі “омырау” мағынасын береді. Осы сөздер сәл өзгере келіп, “өмілдірік” сөзінің түбірін тудырған. Одан әрі “өміл” түбіріне кейінгі кезде қазақ тілінде жұрнаққа айналған “ілдірік” қосылып, “өмілдірік” сөзі пайда болған. Жұрнақ деп отырған “ілдіріктің” алғашқы кездегі мағынасы “ілу” деген етістікті білдірген. Осы арқылы «көзілдірік» сөзін еске алуға болады. Сөйтіп, “өмілдірік” дегеніміз “кеудеге ілетін” деген мағынаны береді» [3; 27-28].

Сонымен, *сағалдырық* – сағаққа ілінетін, өмілдірік – аттың омырауына (өм/ом) ілінетін тұрман атаулары болса, *тығылдырық* – ер қапталының не алды, не арты басқаны білінсе, сырт көзге байқалмайтындай етіп, қаптал астына белгілі қалыңдықта қабатталған киіз. Ер қапталының ат қапталын баспауы үшін жасалған осы әдіс – *тығылдырық* деп аталып, кейде *кепіл*, *кепіл киіз* деп аталса, құйрыққа ілініп тұратын қайыс – *құйысқан* делінеді.

Жылқыны күтуге, баптауға қатысты ұғымдарды білдіретін сөздерге сөздерге: қаңтару, тұсау, күзеу, жарату, баптау, мама ағаш, қамшы, құрық, шалма т.с.с. жатады. Бұл топшаға енетін сөздерді “нағыз кәсіптік сөздер” десе болады. Бұлар – тікелей жылқы малын күтіп-баптауға, бәйге атын сынауға, жаратуға қатысты пайда болып, қалыптасқан сөздер. Бұл топшаны: 1) жылқыны күтуге, бағуға қатысты ұғымдарды білдіретін сөздер, 2) аттың дене мүшелерінің атаулары, 3) бәйге атының белгісін, сынын сипаттайтын сөздер, 4) бәйге атын жаратуда қолданылатын сөздер, 5) қазақтың ат үсті ойындары деп жіктеуге болады.

Қазақта жылқыны жігіттің жігіті ғана бағады деген сөз бар. Өйткені жылқы жатын малына есептелмейді. Әсіресе, қазақы жылқы тебінге үйренген жануар. Қорада тұрса оның алдынан жем-шөп үзілмеуі керек, себебі, жылқы күйіс қайтармайды. Жылқы малы суыққа төзімді болғандықтан жылқышылар жылқыны үйірлеп қоста жатып бағады.

Жылқыны бағуға, сынауға, баптауға қатысты сөздер де жырда аз кездеспейді. Жылқыны бағуға, сынауға, баптауға қатысты сөздер топшасына, сондай-ақ, жылқыны байлауға, ұстауға, басқаруға, үйретуге т.б. арналған құрал-жабдық атаулары да енеді. Жырда керме, желі, шалма, күнде, тұсамыс, шідер тәрізді жылқыны (кұлынды, биені) байлап қоюға, ауыл маңында байлап ұстауға арналған заттардың атаулары да мол.

Айбас кетіп барады текіректен,
Еліне ертең түсте жетемін деп.
Жанындағы тұсау жіп түсіп қалып,
Соны айтады Өлеңті, Шідерті деп
(«Қозы Көрпеш» өлеңі, Дәндібай Айтбаев нұсқасы) [2; 27].

Қаракөз ұзатуға ой қылады,
Сарыбай «жері алыс» деп қайғырады.
Шідертіде Бақа айғыр шідер үзген,
Өлеңтіде өлең айтып той қылады
(«Қозы Көрпеш» өлеңі, Молла Рахым нұсқасы) [2; 196].

Жылқыны басқаруға, бағындыруға, асау үйретуге қажетті құрал атауларына: шалма, қыл арқан, қамшы, құрық т.с.с. жатады. Біз бұл топшадан қамшы сөзіне ерекше тоқталмақпыз. Қамшы деп қайыстан өрген, тобылғы сапты, көлік жүргізу үшін пайдаланылатын құралды айтады. “Жалпы “қамшы” сөзі атау болудан бұрын етістік қызметін атқарған. Оны біз чуваш, тува сияқты тілдер дерегінен білеміз. Айталық, чуваш тілінде “хамсар” біздегі “сермеу”, “кезену” мағыналарын берсе, тува тілінде “ұру, соғу” – “кымчылар” делінеді. Қазақ тілімен туыстас тілдердің ішінде ең әріден келе жатқан, ежелгісі – чуваш тілі. Бірте-бірте “қамшы” сөзі өзінің алғашқы “сермеу”, “кезену” мағыналарынан айырылып, біздің тілімізде атау болып қалыптасқан” [3; 25].

Қамшының өрілуіне, сабының неден жасалуына қарай түрліше атаулары бар: бұзау тіс, дойыр (дүр), дырау, тобыршық қамшы, шыбыртқы, төрттаспа, тобылғы сап қамшы т.б.

Қамшы иіріп, бай атын үйірлетті,
Қамшысын тазша жігіт ұстай апты.
Кекілінен ұстап алып, басып қалса,
Аққайың шөге түсіп, жата қапты
(«Қозы Көрпеш» өлеңі, Мұқыш Нукин нұсқасы) [2; 192].

Біз оны «ел» деп барсақ, санап жауға,
«Барамыз» деп басымыз қалды дауға.
Айнала бәрімізді қойдай қуып,
Қамшы берді құдамыз қарғыбауға
(«Қозы Көрпеш» өлеңі, Мұқыш Нукин нұсқасы) [2; 254].

«Малға жарлымын ба»,—деп ашуланды,
Бақа айғырды астына мініп алды.
Он бірі де болады қызыл шеке,
Аламойнақ қамшымен бір-бір салып
(«Қозы Көрпеш» өлеңі, Мұқыш Нукин нұсқасы) [2; 254].

- «Ал» дегенді естісем, жаным сүйер,
«Бер» дегенді естісем, ішім күйер.
Былжырамай, сақау ғар, жөнің тап,
Алты таспа, бұзау тіс қамшым тиер.
- Қыз баланы қуаныш көрмейсің бе,
Қуантқалы келгенді жерлейсің бе?
Қартайғанда көрген бір перзентің,
Шынымен бір шапан бермейсің бе?!

Хан Қарабай келеді күн-түн қатып,
Егіз лақ, маралды қабат атып.
Сегіз өрме, бұзау тіс аламойнақ,
Басын жарды сақаудың сартылдатып
(«Қозы Көрпеш» өлеңі, Мұқыш Нукин нұсқасы) [2; 244].

Бұл сөзге ызаланған кәрі күшті,
Қамшысын үйіреді бұзауісті.
Алтауы алты тартып қалғанда,
Аттарынан домалап, бөрікше ұшты
 («Қозы Көрпеш» өлеңі, Мұқыш Нукин нұсқасы) [2; 244].
Қарабайдың сырты аңғал, ісі епті,
Желі мен ноқтаны алып, тазша кепті.
«Тоқпақ пенен құрықты апар» десе,
«Алар, маған не керек»,—деп кекепті.
Қодар айтты: «Ақымақ, аңғал тазша,
Басыңды жұлып алып, қазық қақса.
Тоқпақ пен құрықты алмапсың,
Сирағынан ұстарсың, құлын қашса.
Қарқ-қарқ күліп қағады арқасына:
«Қайтпайтын, қайсар таз,—деп,—салсаң тасқа»
 («Қозы Көрпеш» өлеңі, Мұқыш Нукин нұсқасы) [2; 305].

Қамшыны қазақ халқы тек шаруашылық құралы деп қарамайды, оны ер қаруы деп біледі. Қазақ ұғымында қамшының артқарар қызметтері, символикалық мәні өте зор. Қолдың қаттылығы, жұмсақтығы немесе береке бірге кетпесін, ұшығы жерде қалсын деп, қамшыны қазақ сыйға тартқанда қолға ұстатпай, жерге тастайды. Ел іші бүлініп, араздық, даудың арты жауласуға дейін баратын кездерде жаушылардың төрге қамшысын ала шығатын кездері болады. Бұл – жақсылықтың нышаны емес, қазақ жайшылықта қамшыны ұстап төрге шықпайды. Жайшылықта қамшы ұстап төрге озу ерсі қылық саналады. “Елдестірмек – елшіден, жауластырмақ – жаушыдан» демекші, бұл – дөңайбат, сес көрсетуді білдіреді.

Ертеде билер кеңесінде, ірі дауларды шешу кезінде сөз алу үшін қамшысын алға тастайтын болған. Бұл дәстүр қамшы тастау деп аталады. Қамшы ұстаудың түрлі ишара белгі білдіретін мәні болған. Егер үйге келген адам қамшысын босағаға қалдырмаса, жай келмегені, білеп қолына қатты ұстаса – онда дауласып, жанжалдасуға келгені де, ...егер қамшыны төрге алып шығып, ортаға тастаса – көпке созылған жанжалдан шаршап, бітімге келейік, қашанғы созамыз дегенді білдіргені екен, кірісімен қамшысын тастамастан жамбасының астына салып отырса, дауға келдім деген ишарасы екен [4; 67-68].

Қамшыны ұстаудың өз этикеті бар: жаяу адам қамшыны бүктеп ұстаса, ал салт атты оны оң қолының білегіне іліп, сол қолымен аттың тізгінін ұстауға тиіс. Тіпті атты қамшылаудың да өз жөні бар, сәні бар.

Жалпы қазақ дүниетанымында қамшы түрлі символикалық мәнге ие. Бойжеткен қызға құда түсуге келген адамдар ертеректе қыз үйінің төріне қамшысын іліп кететін болған. Бұл – қыз енді біздікі, біздің болашақ келініміз дегенді білдірген. Кейде жігіт жақ тым ұзақ хабар-ошарсыз жатып алса, қыз әкесі қамшыны иесіне қайтарып жіберетін. Бұл дәстүр қамшы қайтару деп аталады. Қазақтардың беташарда келіннің бетін ақ желегіне қол тигізбей қамшының сабымен немесе домбырамен ашу, сол сияқты аяғы ауыр әйел босанатын үйдің төріне қамшы ілу, ауруды қамшымен ұрып емдеу тәрізді дәстүрлері мен ырым-тыйымдары қамшыны киелі санап, жын-шайтаннан сақтайды деген түсініктен пайда болған. Сол сияқты ер адамдарға әйелінің қазасын қамшының сабы сынды деген сөздермен білдіретін. Кей зерттеушілердің бұл естірту мен жұбатуды қамшының сабы сынса, ауыстырарсың, әйелің өлсе, басқасын аларсың деп түсіндіруі, біздіңше, дұрыс емес, қамшы – жолаушының жылқыдан өзге жалғыз жол серігі, жылқыны басқаратын, дұрыс бағытқа жол сілтеп отыратын құрал. Ендеше, қамшыдан айырылу немесе сабы сыну – өмір серігіңнен айырылдың, ақылшыңнан айырылдың дегенге меңзесе керек.

Шығармада жиі қолданылатын тағы бір атау – құрық. Құрық – “жылқы ұстайтын бас жағында ілмек жібі бар ұзын ағаш. Ал оның атауын ертедегі түркі тілдері сөздігінен табуға болады. Онда “укрук” сөзі күнделікті тұрмыста қолданылып жүрген “арқан” ұғымын білдіреді. Дыбыстардың орын алмастыруы нәтижесінде “укрук” – “құрық” болып өзгерген. Кейбір түркі тілдерінде арқаннан жасалған ілмекті – “һурка” деп атайды. Бұл да арқанның алғашқы атауы “укрук” сөзінен шыққан” [3; 27]. Ал, құрықтан құрықшы атауы жасалған.

Жылқыдан жүз биені бөліп алды,

Сол күні тазша бармай қойдан қалды.

Жылқыны Бақа айғырмен жинап келіп,

«Тоқпақ, құрық, желі»,—деп айқай салды.

Қарабай тазшасына әмір етті,

Ноқтаны желі менен алып кетті.

«Тоқпақты құрық пенен апар», десе,

«Олардың керегі жоқ, маған»,—депті

(«Қозы Көрпеш» өлеңі, Бекмұрат Мақанов нұсқасы) [2; 233].

Құтқармас қашағанды салған құрық,

Жайған қойға қарайды Баян жүріп.

Қой қарасын көрген соң үш қыз шықты,

Анда-санда ақсүйек лақтырып

(«Қозы Көрпеш» өлеңі, Дәндібай Айтбаев нұсқасы) [2; 42].

Шығармада шылбыр сөзі де жиі кездеседі. Шылбыр – “атты қазыққа байлауға арналған жүгенге бекітілген ұзын жіп. ...өз атауын жүн мен қылға байланысты алған деуге болады. Өйткені ертедегі түркі тілдерінде ешкі мен қой жүні мағынасын білдіруде “чүбүр” сөзі қолданылған. Әдетте, ешкінің түбітінен басқа түгі “жүн” емес, “қыл” болып аталады. Ешкінің қылы да, қойдың жүні де ертеректе “чүбүр” деп айтылса, екі заттың қосылып келіп, есілуінен пайда болған арқан сияқты жіптің “шылбыр” аталуы да заңды деп ойлаймыз” [3;125].

Жылқыдан алынатын өнім атаулары және өнім алуға, сақтауға қажетті зат (ыдыс) атауларын аты айтып тұрғандай, үшке бөліп қарастыруға болады: 1) жылқыдан алынатын өнім атаулары, 2) жылқы өнімін алуға қажетті заттар (ыдыстар), 3) даяр өнімді құюға, сақтауға қажетті зат (ыдыс) атаулары. Жылқыдан алынатын өнімдерге: қымыз және оның түрлері, жылқы (құлын, тай) еті, қазы, қарта, жал, жая, т.с.с. сөздерді жатқызуға болады.

Қорыта келе, “Қозы Көрпеш-Баян сұлу” жырында жылқыға қатысты кәсіби лексика молынан қамтылған. Бұны жырға арқау болып отырған оқиғалар өткен тарихи кезеңге байланысты дер едік. Жырда сипатталып отырған уақыттағы көшпенді өмір салтын ұстанған қазақ халқының күнделікті өмірін жылқысыз елестетудің өзі мүмкін емес. Ал барлық ат-әбзелі, ер-тұрманы сай болса, ол бір берекелі, дәулетті өмірге әкелетін көздей еді. Бұл жағдай жырда жылқыға қатысты кәсіби лексиканың мол қамтылуына бірден-бір сара жол ашқан. Демек, жылқымен біте қайнасқан көшпенді ата-бабаларымыздың өмірін бейбіт заманда да ішсе – сусын, жесе – ет, мінсе – көлік болған жылқысыз елестету қиын. Сол себептен де жырда жылқыға қатысты кәсіби лексиканың болмауы орынсыз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері / С. Қасиманов. - Алматы: Қазақстан, 1995. – 240 б.
- 2 Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т. 55: Ғашықтық жырлар. - Астана: Фолиант, 2009. - 384 б.
- 3 Нұрмағамбетов Ә. Сөз сырына саяхат / Ә. Нұрмағамбетов. - Алматы: Жалын, 1990. – 128 б.
- 4 Тоқтабай А., Сейтқұлова Ж. Төрт түліктің қасиеті / А. Тоқтабай. - Алматы, Жазушы, 2005. – 192 б.

А.А. Амангельды, Д.М. Тилеужан

Казахский агротехнический университет им. С. Сейфуллина, Астана, Казахстан

Отражения материально-культурной лексики, применяемые к лошади в лиро-эпических произведениях

Аннотация. В казахском языке наиболее плодотворно развита профессиональная лексика, относящаяся к четырем видам домашнего животного, а особенно, слова характеризующие лошадь. В устной народной творчестве казахского языка, а именно в лиро-эпических произведениях наиболее часто встречаются языковые факты, применяемые к лошади. В данной статье приводятся языковые факты, связанные с коневодством в лиро-эпическом произведении Козы Корпеш – Баян сулу и дается комплексный анализ лексики материальной культуры в словообразовательном, этнолингвистическом и лингвокультурологическом аспекте. Также в статье авторами был проведен подробный словообразовательный, этимологический анализ слов, касающихся коневодства, которые встречаются в поэме. Комплексно проанализированы названия продуктов и изделий, получаемых из лошадей. Этнолексика в эпосе, связанная с лошадью, коневодством, изучалась с разбивкой на определенные лексико-грамматические группы.

Ключевые слова: духовная культура, материальная культура, профессиональная лексика, мировоззрение, символическое значение, традиции и обычаи

A.A. Amangeldy, D.M. Tilouzen

S. Seifullin Kazakh Agrotechnical University, Astana, Kazakhstan

Reflections of material and cultural vocabulary associated with the horse in lyric-epic works

Abstract. In the Kazakh language the most fruitfully developed professional vocabulary relating to the four types of domestic animals, and especially the words characterizing the horse. In the Kazakh folklore, namely in the lyric-epic works language facts applied to the horse are leryetten found. This article presents the linguistic facts related to horse breeding in the lyric-epic work of the Kozy Korpesh – Bayan Sulu and provides a comprehensive analysis of the vocabulary of material culture in the word-formation, ethnolinguistic and linguistic-cultural aspect. Also in the article the authors conducted a detailed word-formation, etymological analysis of the words relating to horse breeding, which are found in the poem. The names of products derived from horses are analyzed comprehensively. Ethnolexis in the epic associated with the horse, horse breeding was studied by certain lexico-grammatical groups

Key words: spiritual culture, material culture, professional vocabulary, worldview, symbolic meaning, traditions and customs

References

- 1 Qasimanov S. Qazaq qalqynyń qolóneri [Crafts of the Kazakh people], (Kazakhstan, Almaty, 1995, 240 p.). [In Kazakh]
- 2 Babalar sózi: Júztomdyq [The word of ancestors: one hundred volumes], (Foliant, Astana, 2009. T. 55: Romantic epics. 384 p.). [In Kazakh]
- 3 Nurmağambetov Ä. Sóz syryna saıaqat [Journey to the mysteries of words]. (Zhalyn, Almaty, 1990. 128 p.). [In Kazakh]
- 4 Toqtabay A., Seitqulova J. Tórt túliktiń qasieti [Sanctity of four kinds of domestic animals]. (Almaty, 2005. 192 p.). [In Kazakh]

Авторлар туралы мәлімет:

Амангелді А.А. – филология ғылымдарының кандидаты, қазақ және орыс тілдері кафедрасының аға оқытушысы, С.Сейфуллин ат. Қазақ агротехникалық университеті, Астана, Қазақстан.

Тилеужан Д.М. – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының магистранты, «Тұран-Астана» университеті. Астана, Қазақстан.

Amangeldi A.A. – Candidate of Philology, Senior lecturer of the Kazakh and Russian languages Department, S. Seifullin Kazakh Agrotechnical University, Astana, Kazakhstan.

Tileuzhan D.M. – master student in the specialty «Kazakh language and literature», University «Turan-Astana», Astana, Kazakhstan.